



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 17/43
29 сәуір



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

1-мамыр – татулық пен бірлік күні

1-мамыр – татулық пен бірлік күні

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке бізді бір шаңыраққа біріктіреді, бірлік пен ынтымаққа шақырады.

«Дамудың сыры – бірлікте, табыстың сыры – тірлікте» дейді дана халқымыз. Ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерде ғана нәтижелі істердің болатыны белгілі. Ынтымағы мен бірлігі жарасым тапқан елдің ырысы қашанда арта бермек. Бірлігі бекем елдің іргесі мықты, болашағы нұрлы. Біздің тілегіміз бір, мақсатымыз айқын.

Сан ұлтқа сая болған Қоржынтүбек жеріндегі қала халқының ауызбіршілігі мен татулықты ту еткен ынтымағы ұрпаққа үлгі, болашаққа өнеге.

Бүгінгі таңда игілікті бастамаларды мақсат еткен қала тұрғындары ел экономикасының өркендеуіне, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсара түсуіне үлес қосып, ертенгі күнге деген зор сеніммен еңбек етуде.

Баршаңызды мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, әрбір отбасына амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін.

Бір тудың астында, бір мақсатты көздеген Приозерск халқының достығы жарасып, Қазақ елінің даңқы арта берсін!

Әрдайым бірлігіміз бен татулығымыздан танбай, болашаққа бірге қадам баса берейік. Мереке құтты болсын!

Приозерск қаласының әкімі Сатаев С.Қ.
Қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

ДЕНЬ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА!

От всей души поздравляем всех с замечательным, ярким и все-народным праздником, с Днём Единства народа Казахстана!

Этот праздник стал замечательной традицией нашего многонационального народа, символом мира и согласия. Все успехи и достижения независимого Казахстана - это, прежде всего, результат великой и нерушимой дружбы всех казахстанцев независимо от их национальной и религиозной принадлежности. Согласие и сплоченность, общая ответственность за судьбу Отечества - это стратегические ресурсы успешного развития

УВАЖАЕМЫЕ ПРИОЗЕРЦЫ!

Поздравляю вас с Днем единства народа Казахстана!

Этот праздник дорог всем тем, кто ценит мир и согласие. День единства народа Казахстана стал замечательной традицией нашего народа, в нем соединились самые заветные мечты людей, населяющих казахскую землю.

На недавнем XXXII сессии Ассамблеи народа Казахстана «Справедливый Казахстан: единство, стабильность, развитие» Глава государства Касым-Жомарт Кемелович Токаев, сказал: - «Каждый гражданин должен неустанно трудиться во имя укрепления единства. И этот труд никогда не должен прекращаться. Ведь только там, где есть единство, будет жизнь. Мы всегда должны быть верны этому незыблемому принципу» .

Поэтому, долг каждого жителя города – внести свой вклад в дело сохранения единства, укрепления согласия и мира. Объединив усилия, мы сумеем создать условия для дальнейшего развития нашего города, страны.

Мы, сплоченные духом созидания, всегда будем надежной опорой независимого Казахстана.

В этот замечательный весенний день желаю вам праздничного настроения, здоровья, успехов, благополучия и процветания нашему общему дому – Республике Казахстан! Пусть крепнет дружба народа Казахстана!

«Арзу» Азербайджанское
этнокультурное общественное
объединение



1-МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ КҮНІ

1 ші Мамыр Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. «Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек. Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді. Сонымен бірге біздің қаламыз да жыл сайын бұл мерекені атап өтумен қатар мерекелік шаралар өткізіледі. Біздің қалада бір-

неше ұлт өкілдері тату -тәтті бір адамның баласында өмір сүріп, қаламыздың дамуына аянбай еңбек етіп келеді. Қаламыз жыл сайын әсем, таза қалаға айналып көркейіп келеді, болашақта үлкен әсем қалалардың біріне айналуына кәміл сенемін. Мәдениет үйі, спорт кешендері, мектеп, балабақшалар салынып құрылыстар бой көтеріп әдемі қаланың біріне айналады. Құрметті жерлестер сіздерді, айтулы 1 Мамыр Қазақстан халықтар достығы күнімен, Приозерск қаласы «Атамұра мәдениет салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дамыту» қоғамдық бірлестігі атынан шын жүректен құттықтаймын. Елімізге тыныштық пен ынтымақ, отбастарыңызға береке, жұмыстарыңызға табыстар тілеймін. Мереке құтты болсын ағайын!

«Атамұра мәдениет салт дәстүр,
әдет-ғұрыпты дамыту» қоғамдық
бірлестігі төрағасы
Сүлейменов Марс Абуұлы




Уважаемые жители города! Поздравляем вас с 1 мая – праздником единства народа Казахстана! В этот день мы воздаем должное бесценному достоянию – созидательной дружбе наших граждан. Казахстан – это многонациональная страна, в которой проживают около 150 наций и народностей. Каждая из них уникальна и своеобразна, у каждой свои обычаи и традиции, но вместе на территории Казахстана мы живем единой дружной семьей. В этот знаменательный день же-

лаем вам и вашим семьям крепкого здоровья, успехов и весеннего настроения! Пусть в каждом доме царят уют и достаток, счастье и благополучие, энергия и оптимизм, а ваши сердца наполняются теплом и радостью, добром и взаимопониманием. В этот майский день пожелаем всем казахстанцам крепкого здоровья, благополучия, мира и процветания каждому дому!

Этно-культурное объединение
славянских народов «Исток»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ДАМУ» АТТЫ XXXII СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясынан бері елімізде түбегейлі өзгерістер болғанын атап өтті. Атап айтқанда, саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі қалыптасты. Ауқымды өзгерістер барысында Ассамблеяға баса мән берілді. Аталған бірегей институт парламенттік өкілдіктің жаңа тетіктеріне ие болды. Президент Ассамблеяның елімізді саяси тұрғыда жаңғыртып, жалпыұлттық тұтастықты нығайту ісінде маңызды рөл атқарғанына назар аударды. ҚХА барлық этносты мемлекетті дамытудың стратегиялық міндеттерін шешу ісіне жұмылдыруға ықпал етті.



Мемлекет басшысы Тәу мәдениет қайраткерлерімізді,


елсіздік жылдары елімізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасқанын айтты. Президенттің пікірінше, біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астақан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы.

– Қазақстан паспорты біздің бірлігіміз бен татулығымызға негіз болған прогрессивті құндылықтарды бейнелейді. Өз кезегінде көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көпжасарлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорттық жарыстарда және басқа да сондай шараларда жоғары көтерілген сайын, біздің бойымызды елімізге деген мақтанш сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды,

ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент біздің қоғамды ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы деп санайды. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Оның айтуынша, бүгінде азаматтарымыздың бәрі өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ ұлтының мүшесі сезінеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды рөліне тоқталып, осыған орай этносаясат мәселесіне байыппен қарау керек екенін атап өтті.

жетілдіріп отыруды қажет етеді. Шын мәнінде, азаматтардың бірлігін, жалпыұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармаған жөн, – деді Мемлекет басшысы. Сессия барысында Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіндегі бірқатар басымдықты айқындап берді. Атап айтқанда, Президент бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою, этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдау қажет екені



– Татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі. Сессия аясында кеше нақты мәселелерге арналған пікірталас өткенін білемін. Этносаясатта жаһандық және аймақтық үдерістер ескерілуге тиіс екені айтылды. Бұл – өте орынды ұсыныс. Яғни, этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу керек. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болуға тиіс. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды, этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы

не тоқталды. Сонымен қатар көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау керектігін айтты.

Мемлекет басшысының сөйлеген сөзінің толық мәтінімен мына сілтеме арқылы танысуға болады.

akorda.kz

1-мамыр – татулық пен бірлік күні

В ЕДИНСТВЕ НАША СИЛА!



Казахстан – это многонациональная страна, в которой проживают более 150 наций и народностей. Для сплочения этих народов правительством страны проводятся различные мероприятия, одно из которых – празднование Дня Единства народа Казахстана. Это праздник единства всех народов, проживающих на территории Казахстана. Этот яркий весенний праздник проводится в каждом городе Казахстана. Веселые танцы, спортивные соревнования – все это делает мероприятие одним из самых ярких и любимых праздников для народа Казахстана. Это праздник мира, труда, дружбы. Поодиночке не сделать того, что можно сделать вместе. Один посадит дерево, а все вместе – сад. Один успеет положить только кирпич, а вместе уже построили дом!

сы прошли классные часы, внеклассные мероприятия. В ходе мероприятий учащиеся продемонстрировали номера художественной самодеятельности – народные танцы, песни, стихи, а также проводились национальные игры. Мероприятия показали важность сохранения традиции и уважение к культуре людей разной веры и убеждений, говорящих на разных языках. Это мероприятие обеспечило стабильность и согласие в обществе. Сегодня мы живем в сильном, процветающем и богатом государстве, поэтому уверены в нерушимости нашего единства, успешном будущем своей страны и наших детей. В этот праздничный день желаю вам, вашим семьям и близким благополучия, счастья, мира и добра! Пусть



В преддверии этого праздника в КГУ «ОШ№2» прошли мероприятия, посвященные празднованию Дня единства народа Казахстана. С 1-11 клас-

с процветает и крепнет наша Родина – Республика Казахстан!

*Заместитель директора по ВР
Кузнецова Ольга Александровна*

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫШТЫ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ БОЙЫНША ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗІЛЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін мекемелер

Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ; Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ; Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ; Приозерск қаласының білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК; Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласының білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК; Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласының білім бөлімінің «Балақай» бөбекжайы» КМҚК;

Приозерск қаласының білім бөлімі

1-мамыр – татулық пен бірлік күні

«ЫНТЫМАҚ-ДОСТЫҚ КЕПІЛІ»



Қазақстан ондаған жылдар бойы көптеген ұлттар мен ұлыстардың Отаны болып келеді. Бүгінде 130 дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері Қазақстанды өз жерім деп біліп, қазақ халқын туғанындай көреді. Осыған орай, қазақстандықтардың басын біріктіретін бірден-бір мереке – 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі күні деп атап өтіледі. Айтулы мереке қарсаңында қалалық кітапханамызда «Ынтымақ-достық кепілі» тақырыбында №1 мектептің 9 сынып оқушыларының қатысуымен танымдық сағат және «Ұлттар достығы» атты ақпараттық минут өткізілді. Мақсаты: 1- мамыр Қазақстан халықтары бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Іс-шарада оқушылар сұрақтарға жауап беріп, ойын ойнап мерекелік көңіл-күйде тарқасты. Қазақстан халқы бірлігі күні - еліміздегі барлық ұлттардың

ынтымағы мен бірлігін нығайтатын, достастық қарым-қатынасты нығайтатын айтулы мереке болып қала бермек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Еліміз жақында Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл аса маңызды мереке. Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек» Бұл – анық ақиқат. Лайым бірлігіміз жарасып, көк байрағымыз желбірей берсін.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ

Оқу бөлімінің кітапханашысы:

Ерболған Жұлдыз

Ерболғанқызы

БІРЛІК ТҮБІ – БЕРЕКЕ!

1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, менің сүйікті мерекелерімнің бірі, себебі Қазақстан Республикасы әлемде татулығы мен бірлігі жарасқан ел болып танылған. Шынымен де біздің еліміз өте бай, әдемі, керемет, әсем, сұлу елдердің бірі, біз әрқашан кім болса да, қандай ұлттың өкілі болса да құрметтеп, сыйлауға дайынбыз. Қазақ елі өте қонақжай, «су сұраса, сүт берген, айран берген», ештеңені ешкімнен аямаған. Шындығында татулық пен бірлік күні 1-мамыр болса барлығы қатты қуанған. Менің ойымша, «әр үйдің салты басқа, иттері қара ала қасқа» дейді, ол рас, әр ұлттың өзінің тілі, татулығы, ауызбіршілігі бар. Қазақстан көп этносты мемлекет болғандықтан, біздің елде осы мейрам ерекше тойланады. Осы күнді бәрі асыға тосады, дәл осы күні, қазақ елі, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» тұтас мемлекет екенін дүниежүзіне дәлелдеп келеді, осы мейрам соның айғағы.

Өскемен ұрпақ осы татулықты әрі жалғастырады, себебі бейбітшілік, тыныштық пен татулық біздің Отанымыздың кейінгіге қалдырар мұрасы деп білемін. Біз барлығымыз да бейбіт заманда өмір сүруге лайықпыз деп есептеймін. Мен өз елімді сүйемін, құрметтеймін, басқалардан да осыны талап етемін! Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі.

Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1-мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. «Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек.

Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді. Бүгінде «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетіледі. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады. 1 мамыр – Қазақстандағы 30 жылдай уақытта құрған негізгі мереке. Аталған мерекеден біздің Приозерск қаласында бірнеше жылдардан бері қызмет

етіп келе жатқан «Атамұра», «Исток» және «Арзу» этно-мәдени бірлестіктері де құр қалған емес. Қаладағы татулықты, ауызбірлікті, тыныштықты және мәдени-әдеби байланысты нығайту мақсатында ауыз толтырып айтарлық игі істерді атқарып келеді.

1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995-жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі мемлекет басшысының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесті сінсе білді.

Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен этностар қалыптастырған ел бірлігі мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған қазіргі мол тәжірибе этнос аралық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесіне енуде. Қазақстан халықтарының бірлігі күні барлық балабақшалардан бастап, мектеп, университеттерде, колледждер мен ЖШС, жекеменшіктегі кәсіпорындар мен мемлекеттік ұйымдарда айтарлықтай атап өтеледі. Мақсаты – Қазақстан халқының бірлігін нығайту, жастарды достық пен ынтымақтастықта өмір сүруге тәрбиелеу. Осынау атаулы мерекемен қала тұрғындары және газетіміздің оқырмандарын шын жүректен құттықтаймыз!

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.*

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ БАТЫРЫ!



Қазақстанның халық қаһарманы, жазушы, партизан, полковник.

Қасым Қайсенов 1918-жылдың 23-сәуірі күні Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Асубұлақ ауылында, кедей шаруа семьясында туған. Туған жер қасиеті оның қанында қайнап, тәніне сіңген. Оның болмысы мен шығармаларынан биіктік пен тазалық лебі еседі. 1935-жылы он жеті жасында Өскеменге келіп саяси-ағарту техникумын жұбайы Асыл екеуі бірге бітіріп, 1937-жылы семья құрған. Асыл әжеміз сол жылы небары 16 жаста болған. Ол өзінің қиын қыстау өмірін қасиетті Кереку жерінен бастаған. 1938-жылы Павлодар облыстық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істеген.

Қасым Қайсенов жер бетінде бұрын-соңды болмаған ең жойқын шайқаста жауға етегінен шалдыртпай, жағасынан алдыртпай өткен еңіреген ер, басқыншы жауды қаралай қалтыратқан Вася партизан. Халқымыздың күллі адамзатпен бірге жасаған ең ұлы ерлік дастанының ең басты қаһармандарының бірі. 1940-1941-жылдары арнаулы әскери дайындық мектебінен өткеннен кейін оңтүстік-батыс майданының штабына жіберіледі. 1941-жылы жау қолында қалған Украина жерін азат етуге аттандырылады. Партизан қозғалысының алғашқы жетекшілері ретінде Закарпатья, Молдавия, Румыния, Чехословакия жерін неміс басқыншыларынан азат етуге қатысып, көптеген күрделі операцияларды жүзеге асырды. Қасым Қайсенов өзін өжет, тапқыр және ұйымдастыру қабілеті зор командир ретінде көрсетті. Ол басшылық еткен отряд көптеген операцияларды сәтті жүзеге асырып жауға соққы берді. Жазушы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен, Богдан

Хмельницкий орденімен және көптеген медальдармен наградталды.

Соғыстан кейін бейбіт еңбекке араласып, Қазақстан Жазушылар одағында, баспа орындарында жауапты қызметтер атқарды. Партиандық өмір жолын, қарулас жолдастарының қаһармандығын бейнелейтін «Жас партизандар» (1954), «Ажал аузында» (1959), «Жау тылындағы бала» (1961), «Жау тылында» (1973), «Партизан соқпақтары» (1978), «Переяслав партизандары» тәрізді т.б. көптеген шығармалар жазды. Аталмыш туындалардан А.В.Тканко, Е.Д.Ломоко, И.К.Примак тәрізді партизан отрядында бірге болған жауынгер достары жайында ыстық көңілмен әңгімелейді. Қасым кітабының тамаша бір тарауын Украин партизандарының ардақ тұтар ақсақалы, халық соғысының қаһарман басшысы, әрі ақылды, әрі катал генерал-майор Сидор Артемьевич Ковпакқа арнайды. Партизан-жазушы Қасым Қайсеновтың өмірі өзі жаудан қорғаған Украин халқымен тығыз байланысты. Украин халқы Қасымды өзіміздің жерлесіміз, қандасымыз деп құшағын жайып қарсы алады.

Қ. Қайсеновтың қаламгерлік келбеті оның аудармашылық өнерімен де толығымен түседі. Ол М. Муратовтың «Ломоносовтың жастық шағы», Николай Томанның «Сабылтқан сағым», Мамед Кулизаде Джалилдің «Почта жәшігі» кітаптарын құнарлы тілмен оқушы жүрегіне жеткізді. Оның шығармалары әлемнің көптеген халықтарының тілдеріне аударылды. Қасым Қайсенов – ерлік аңсаған жас ұрпақтың ең сүйікті кейіпкері, жас оқырманның ең сүйікті жазушысы, Ол – Тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы Халық Қаһарманы – Ұлттық батыры!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

АҢЫЗ ЕМЕС, АҚИҚАТ...

ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ



Жазба деректерде Жетісудың батысында «Қозы басы Шу» деген жерде Жәнібек пен Керей хандар бастаған қазақ хандығының құрылғандығы халқымыздың тарихында белгілі. Көрсетіліп отырған жер Моғол хандығының жері еді. Алайда Моғол ханы бұл қазақ хандарын өз жеріне келулерін қуанышпен қарсы алған. Себебі Есенбұғы ханның інісі Жүніс хан Моғол хандығына осы жағынан қауіп туғызып отырған. Сондықтан енді Жүністің Моғол хандығының бұл жағынан қатер туғыза алмайтынын біліп, Жәнібек пен Керейдің өз жеріне келіп орналасуына ешбір кедергі жасамаған. Бұл жерге келгенге дейін қазақ сұлтандары қазақ хандары деген атауда да аталып жүрген. Мұнда келгеннен кейін қазақ хандары деген атаумен атала бастаған.

Халқымыздың егемендігін алып, еркін даму жолына түсуіне байланысты қазақ хандығының алғашқы ту тіккен жерін айқындау үшін 1980-жылы палеоэтнологиялық экспедиция жұмысын жүргізген еді. Зерттеу барысында Қозыбасы деген жер Қордай ауданының шығыс жағында екендігі белгілі болды. Тұңғыш ғалымымыз Ш.Ш. Уәлиханов Верный бекінісінде болған кезінде Қозыбасының бекіністен екі күндік жерде екендігін жазған болатын. Міне, сол Қозыбасы жайлауында Керей хан болған, Шу деген жері қазіргі Шу стансасының аумағы. Шу стансасының терістік шығыс жағында Хантау стансасының аумағында Жәнібек хан болған. Өйткені Үлкен Хантаудың шығыс жағында Жәнібек ханның «Хан қорасы» деген қора бар. Тағы басқа жер аттары туралы төменде айтамыз. Олардың аңыз емес, тарихи шындық екендігіне назар аудару керек. Хантау, Жетісу аймағының солтүстік-батыс жағында Шу-Іле Алатауының оңтүстік-шығыс жағалауындағы сілімдері болып табылады. Оңтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымға дейін созылып жатыр, кеңдігі – 10-15 шақырым. Таудың орташа биіктігі 600-650 м. Ең биік шоқысы – 1053 м. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, ол биік шоқыны «Сұңқар» шоқысы деп атайды. Шамасы таудың биіктігін сұңқар сияқты құстың аспандап биік ұшуына байланысты салыстырмалы түрде айтқан болса керек.

Хан тауы бір тұтас емес, бірнеше бөліктерден тұрады. Таудан ағып шығатын кішігірім өзендер, тау беткейлерін сай-сала, жыра-жылға етіп тілімдеген. Сондықтан да таудан шыққан өзен бойларында, қойнауларында мал қыстауға қолайлы. Хантау солтүстік-шығыс жағынан жусанды даламен, ал солтүстік-батысынан сексеуілді даланың

ортасында орналасса да малға пайдалы өсімдікке өте бай. Әсіресе, тау етегінде акселеу, жусан, еркек шөп сияқты мал жейтін жұғымды шөптер әрі биік, әрі қалың өседі. Ал тау басында және беткейлерінде саркүйік шөп жайқалып тұрады. Хантаудың қыс қыстауға және бір қолайлығы тау беткейлерінде қысқа отын болатын тобылғы, ақтаспа сияқты отқа жағатын, қызуды жақсы беретін бұталы өсімдіктер өссе, ал жусанды далада сексеуіл сияқты қызу күшті баялыш өседі. Бұл өсімдіктің қызуы сексеуілден кем емес. Сонымен бірге сексеуіл де Хантаудан онша алыс емес. Тұрғындар қыс кезінде отын жағынан таршылық көрмеген. Сол себептен де Хантау жері қазақ халқының қыста тұрақты жай салып мекендеген басты жерлерінің бірі болған. Халқымыздың жер, тау, өзен, көл немесе басқа бір нәрселерге ат қойғанда оның белгілі бір сыртқы көріністеріне немесе себеп-салдарына, мағынасына қарап қоятындығы ертеден-ақ белгілі. Сондықтан да бұл таудың Хантау аталуы да бекер аталмағандығы өзінен-өзі айттып тұрғандай, бұл жерді қазақ хандарының жайлағаны белгілі болып отыр. Оған қосымша, Үлкен Хантау, Орта Хантау, Бала Хантау (немесе Кіші Хантау) деген атаулардың аталуы бекер еместігін байқатады. Аталған таулардың басында хан отыратын «ханның тағы» деп біздің серігіміз таққа ұқсас үш тасты көрсетті. Міне, осы Хантауға тұрған жерге Жәнібек хан ту тіккен десек, артық айтқан болмаймыз. Әрине, бұл аңыздың шындыққа қаншалықты жанасымды екендігіне күмән келтіруге болмайды. Хантауда хандардың өмір сүргендігі жайлы аңыздарды дәлелдейтін басты бір айғақ, Хантаудың солтүстік-шығыс жағында Жәнібек ханның «Хан қорасы» деген қораның орны бар. Қора беті күнгейге қараған. Табиғи дөңгелек қора тәрізді жартастың ортасын қораға пайдаланғандығы қазірдің өзінде көрініп тұр. Нұрғиса Мұқатаевтың айтуы бойынша, бұл қорада Жәнібек хан қыстайтын болған. Қораның қазіргі көрінісіне қарағанда XX ғасырдың 50-60 жылдарына дейін, одан кейін де қора есебінде пайдаланғандығы байқалады. Қораның терістік жағында, жартастың ортасында кеңдігі 1 м. 30 см, ұзындығы 25 м. Жартасты қақ жарып үстіне көтерілетін саты тәрізді жерді «Хан сатысы» деп атайды. Шындығында, жартастың арасынан жоғары қарай көтерілетін бұл өткел сатыға өте ұқсас, оны хан қолдан жасатты ма, жоқ әлде табиғи пайда болған саты ма, дәл айту қиын. Шамасы хан сатымен көтеріліп, төбеге шығып демалып, бой сергітіп,

жан-жаққа көз салатын болған. Сатының оңтүстік жағында қораның ішінде 30 м. жерде ханның мініс аттары тұратын ат қорасының орны бар. Бұл жерде ұзындығы 10 м, биіктігі 2-3 м. үлкен бір тас тұр. Түбінде тастан жасалған ақыры бар. Хан қорасы осы мініс аттар тұратын жерден екі бөлікке бөлінеді. Бірінші шығыс жағындағы қораның ені 18 м, ұзындығы 24 м. Ал екінші, батыс жағындағы қораның ені 16 м, ұзындығы 20 м. Бірінші қораның оңтүстік жағында қораға кіретін екі ашық жері бар. Мал кіріп шығатын қақпасы болу керек. Егер қораның солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс жақтарын айналдыра табиғи биіктері 50-60 м кереге жартастар қоршап жатса, ал оңтүстік жағы доғаша иілген ұзындықтары 20-30 м. екі жартаспен қоршалған. Екінші қораның батыс жағынан кішкене сай өтеді. Табанында жылтырап ағып жатқан суы бар. Сай мен қораның арасы 15-20 м. Ал сайдың батыс жағынан 150-160 м. жерде оңтүстіктен, яғни Шу-Іле Алатау жағынан солтүстікке (Балқаш) қарай Хан оры өтеді. Біздің серігіміздің айтуына қарағанда да, орының басын сол Балқаш көлі жағынан алса, аяғы Шу-Іле Алатауына дейінгі аралықта жалғасып жатыр дейді. Шындыққа көзімізді жеткізу үшін орының бойымен оңтүстік жағынан машинамен 10 шақырым, солтүстік жағынан 5 шақырым жүріп көрдік, ор одан әрі қарай жалғасып жүре береді. Орының бойымен қуалап жүре беру мүмкін емес, бұта-бұтаның түбіртектері машинаның тезірек жүруіне мүмкіндік бермейді. Ал жай жүріске күн ыстық, машинаның моторы қызады. Сонымен орының екі басына да жетуге болмады. Орының қазіргі сақталған көрінісі әрқалай, бір жерде тереңдігі 1-2 м. болса, ал кейбір жерде одан таяз, кеңдігі 1,5-2 м.

Хан оры туралы әртүрлі аңыз сақталған. Бұл Жәнібек ханның құлан аулайтын оры болған тәрізді. Бұл ор туралы XIX ғ. ортасында бұл аймақта болған Ш.Ш. Уәлиханов та, XIX ғасырдың аяғында, қазақ халқының жан саны мен жер жағдайының экономикалық жағын есепке алу үшін отарлау саясатына байланысты есеп-қисап жүргізілген орыс деректерінде де кездеседі. Бұл екі деректе де бірін-бірі қайталайды. Сондықтан да біз Ш. Уәлиханов келтірген жазған аңыз бойынша деректі қарастырып көрелік. Ғалым оры қаздырған ханның аты Жәнібек болу керек деп жобалайды. Өйткені оған айтушылардың өздері бірі Жәнібек десе, ал кейбіреулері ханның атын айтып бере алмаған. Аңызға қарағанда қырғыздар өздеріне хан болу үшін ханға бір баласын беруін сұрап келген қырғыз елшілеріне Жәнібек өзінің Жошы деген баласын беріпті-мыс. Ал шындығында, Жәнібектің Жошы деген баласы болмаған. Жошының күмбезі Қаракеңгір өзенінің бойында. Міне сол баланы қырғыздар өздеріне хан ету үшін алып бара жатқанда бала жолда жайылып жүрген құландарға қызығып, қуып бара жатқанда аттан құлап қаза болады. Содан, Жәнібек хан құландарды осындай ор қаздырып қырғыздыты. Хан арығы деп аталуы содан қалған тәрізді. Ол да сол құландардың қырылуына байланысты ма деген ой туады. Ал екінші бір деректе Түркістан әуесқой археологтары қоғамының мүшесі Д.

Жетпісбаевтың айтуына қарағанда, оры Ақсақ Темір қазғызған тәрізді. Ақсақ Темірдің бұл аймақта жорық жасап бернеше рет болғаны мәлім, алайда ол не үшін қазылғандығы белгісіз. Ал Жошының өліміне келетін болсақ, ол Ұлытау жерінде анда жүргенде қаза болған. Сондықтан бұл оры қаздырған Жәнібек хан ба деген ой беки түседі. Егер құлан аулайтын ор болса, ол неге сонша ұзын болды. Орының ұзындығы Ш. Уәлихановтың айтуына қарағанда, Жоңғар Алатауынан басталып Шу Алатауына дейін шамасы 40-50 шақырым аралықты алып жатса, орыс деректерінде де бір басы Іле бойындағы Топардан басталса, ал екінші басы Қордай тауына дейінгі аралықты қамтып жатыр. Сондықтан бұл оры Жәнібек құлан аулау үшін салғызды деген аңыз әзірше шындыққа онша жақындамай тұр. Сонда бұл оры кім қазғызды, не үшін? Бұл мәселе әлі де болса өзінің шешімін күтіп тұрған мәселе.

Хан қорасының оңтүстік жағында Ноғай құдық қыстауында болды. Бұрын бұл жер төртінші бекет деп аталса керек. Бірақ бекеттің үй-жайлары сақталмаған. Ал Ноғай құдықтың іші таспен өріп шығарылған, қазірдің өзінде 8 м. тереңдікте суы бар. Шамасы осы құдық сол бұрыннан келе жатқан бекет кезіндегі құдық болуы керек. Ал жердің ноғай аталуы, тарихи бекет кезінде татар халқының өкілдерінен бекетті күтуші адамның ұлтына байланысты сияқты. Бекеттер бір ел мен екінші елдердің арасына немесе сауда керуен жолдарының бойына салынатын жайлар. Онда суыт хабар алып жүрушілер көлік айыр-бастайды, ал сауда керуені демалып көліктерін тынықтырады. Тарихи зерттеулерге қарағанда, Ұлы Жібек жолының бір тармағы Іле алқабында оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай өтетіндігі белгілі. Олай болса бұл бекет Хантау бойынан шығыстан батысқа қарай, яғни атақты Тараз қаласына қарай өтетін Жібек жолының үстінде жатқан бекет. Хантау жеріндегі қыстаулардың сол Жібек жолының бойына жақын салынғандығын байқау қиынға соқпайды. Мұндай бекеттерді Керуен сарайы деп те атайды. Бұдан кейінгі керуен сарайлары бұл жерден 30-40 шақырым жерде Мұқатайдың кезеңі деген жерде салынған. Хан оры да осы Керуен сарайдың жанынан батысқа қарай өтіп жатыр. Сонымен, Ноғай құдықтың жері ертеден келе жатқан тарихи орын болып табылады. Біздің жоғарыда келтіріп отырған деректеріміз жай бекер айтылған немесе ойдан шығарылған атаулар емес. Олар шындығында болған уақиғалардың куәсі. Сондықтан ел аузында бүгінгі күнге дейін сақталып келген. Бұл тарихи мағлұматтар халқымыздың тарихын жазуда еш уақытта өшпес-сөнбес орны бар тарихи дәлелдер. Әсіресе, қазақ хандығының құрылған жері деген орындар Хантауы, Хан тағы, Хан оры, Жәнібек ханның қыстауы, Хан сатысы, т.б. хан атымен байланысты орындар біздің ұрпақтарымыздың жадында мәңгі сақталуға тиіс.

*Сәйден Жолдасбаев,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қ.А.Ясауи атындағы
ХҚТУ Археология
ғылыми-зерттеу орталығының
директоры.*

ӘЙЕЛ ӘДЕБИ НЕМЕСЕ ӨЛМЕС ӨНЕГЕ



Жас келіндер кара шаңырақтың немесе ақсақалы бар үйдің төріне шықпайды.

Әйел адам орындыққа отырғанда аяғын айқастырмайды.

Әйел адамдар көп алдында керілмейді.

Бұрынғы кезде жас келіншектер ерте тұрып, ауылдағы үлкен үйлердің түндігін ашып, сәлем салған.

Келіндер келін болып түскен жеріндегі адамдардың атын атамайды.

Қайнылары мен қайынсіңілілеріне өзі жеке ат қояды.

Халық дәстүрінде ер адам шашын өсірмейді, әйел шашын қимайды.

Жүкті әйелге күлу, ол әдепсіздік болып есептеледі.

Аса бір тығыз шаруасы болмаса, әйелдер отырған жерге ерлер, еркектер отырған жерге әйелдер кірмейді.

Қазақ дәстүрінде туыстығы жоқ ер мен әйел оңаша отырмайды.

Келіндер қайынжұртының үлкен адамдарына иіліп сәлем жасаған.

Келіндер үлкен кісілерден қайтқан табаққа сәлем жасаған.

Бала ата-ананың, келін ененің сөзін екі етпейді.

Қазақ әйелдері еркектер отырған жаққа көз

Әйелдер жолаушының, еркектің алдын кесіп өтпейді.

Қазақ әйелдері кісіге тіке қарамаған, тіке қарап отырмай, қырындап отырған.

Қазақ әйелдері күйеуінің атын атамаған, оның айтқандарын мүлтіксіз орындап, бетіне қарсы келмей, отағасым деп сыйлаған.

Қызы босанғанда шешесі кәдесін алып баруға міндетті.

Әйел дұғаны ішінен оқиды.

Ақсақал, ата-ене, қайынаға алдында дауыс көтеріп сөйлемейді.

Әйел-келін ұйқыдан ерте тұруы тиіс.

Әйелге ер адамның міндеттері жүктелмейді.

Әйел адам кісі бетіне, әсіресе бейтаныс адам бетіне бажырайып қарай бермейді.

Тұрмысқа шыққан әйел жалаңбас жүрмейді.

Бала емізіп отырған әйел омырауын басқаға көрсетпейді.

Иә, жасыратыны жоқ, ұрпақтан ұрпаққа ауызекі жеткізіліп келе жатқан, ата-баларымыз қалыптастырған қазаққа ғана тән тәлім-тәрбиелік салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, ырым-тиымдар жойылып бара жатқаны өкінішті-ақ...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ТАҒЫ ДА ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

«Тілің мен мәдениетінді қорғай алмасаң, шекаранды ашып таста.себебі сенде қорғайтын ештеңе қалған жоқ».
Н.Мандела.

Тіл мәселесі бүгін де айтылды. Ашығын айтайық, ертең де, арғы күні де, келесі жылы да да, одан кейін де айтылады...

Неге дейсіздер ме. Себебі, тіл мәселесі ұлт мәселесімен тікелей байланысты. Ұлт мәселесі шешілмей, тіл мәселесі ешқашан шешілмейді. Бұл әсіресе, сан жағынан көп ұлттың ықпалында болған, бұрын отарланған азшылық ұлттың мәселесімен тікелей байланысты. Бұл азшылық ұлт өз тәуелсіздігін алғанмен де, отарлаушылар бұрын өз отары болған ұлтты өз ықпалынан шығарғысы келмейді. Осыдан сырттан экономикалық, ақпараттық қысым т.б. күшейіп, ұлтқа, тілге қатысты мәселесінің шешілуі кейін ысырыла береді. Міне, қазақ халқының басынан да осы күй өтуде. Тілі қолданыстан тікелей немесе жанама түрде шеттетілген халықтың тілі жойылып, әлсіреп қана қоймайды, сол ұлттың рухы да өледі. Оның өзгеге тәуелділігі артып, өзіне сенімсіздігі күшейеді дейді. Мұны айтқан мен емес, маған дейін өз ұлтының мүддесін ойлаған Австрияда президент болған, бірнеше министрліктерді басқарған Карл Реннер айтып кетті. Отто Бауэрде шығу тегі еврей болса да осы Австрия үкіметінің нығаюы мен ұлттың қалыптасуына жан тәнімен еңбек етіп осындай пікірде болды. Олардың екеуі де «ұлттық бірлік, ұйысу тіл арқылы келеді. Сондықтан тілді сақтау мен құрметтеуден, мемлекеттегі барлық халықтың бір тілде сөйлеуі нәтижесінде ортақ ұлттық құндылықтар қалыптасады. Бұл мемлекеттің дамуының іргетасы» деген позицияда болды.

Түркияның қайраткері Мұстафа Кемал Ататүріктің де осындай ұстанымда болғанын білеміз. Эмоцияға берілмесек де бізден осындай қайраткер тұлғалар шығады ма деген ой келеді.

Себебі, ұлт мүддесін терең ойлайтын осындай тұлғалар ғана ел дамуында позитивті із қалдырады. Ал, бізде ше? Кезінде сенім артқан Н.Назарбаев «орыс тіліндегі сұраққа кім де кім қазақша жауап берсе, сол адамды жұмыстан қуындар» дегенді айтты. Қазақ тілін орыс тіліне жығып берді. Бұл қазақ тілін үйренуге ғана емес, қазақтардың өз ішінде нигилизмді, қазақ тілінің болашағына күмәндануды, сенбеуді күшейтті. Өз

балаларын қазақ мектебіне емес, орыс мектебіне беру артты. Халық өз елімізде, өз жерімізде ана тілімізде сөйлей алмасақ, жауап бере алмасақ, біздің келешегіміз не болады деп наразылық білдірді. Осы жайлардан соң, қанша жерден жауып, жасырсақ та қазақ тілі биліктің тіліне айналмады.

Парламентте ант бергендер мемлекеттік тілде сөйлей алмай қақалып шашалып тұрды. Ал, сонда осылар қазақ мемлекетінің, қазақ халқының бүгінгі мен келешегіне жағымды із қалдыра алады ма? Қазақ тілін ағылшындарды айтпағанда, жапондар мен немістер секілді ғылым мен техника тіліне айналдыра алады ма деген сұрақ туды. Қазақ халқы не орыс емес, не қазақ емес дүбәраға айналды. Осындайда Н.Манделаның «Тілің мен мәдениетінді қорғай алмасаң шекаранды ашып таста. Себебі, сенде қорғайтын ештеңе қалған жоқ» дегені еске түседі. Әлемнің қай еліне бармаңыз, сіз сол елдің тілін үйренуге, білуге мәжбүр боласыз. Ал бізде туып, өскен, өмір бойы осында тұрып жатқандар қазақ тілін білмейді.

Мектепте бұл қазақ тілінің дұрыс оқытылмауынан емес, Тілге деген сұраныстың болмауынан.

Биліктен бастап бәрі орыс тілінде сөйлесе, тіпті кейбір шенеуніктер қазақ тілін үйренгісі келмесе қазақ тілі қалай дамиды, қалай қолданысқа енеді?! Мұндай жасанды жолмен тежей беру мүмкін емес. Бұл халықтың наразылығын күшейтеді. Әлемнің барлық елдеріндегідей бір ғана талап болуы керек. Осы елде тұрғың келе ме, қызмет істегің келе ме, жергілікті халықтың тілін үйрен! Швед моделі, неміс моделі т.б. деп ұлт, тіл мәселесінде жиі айтамыз. Олар сол елдің тілін білмесең, сені ешбір қызметке алмайды да. Қызметтен көтерілгің келсе, тілдік деңгейде емтихан тапсыруың керек. Көршіміз өзбек халқында да солай... Міне, әлем осылай дамып барады.

Бізде де қаласақ та, қаламасақ та осындай талап болуы керек. Біз тәуелсіз мемлекетпіз, еркін ұлтпыз. Құлдық санадан құтылатын уақыт жетті. Әлде, біздің барлық салада басқаларға тәуелді болуымыз басқа күштер, факторлар үшін қажет болып тұр ма? Ел боламыз десек, бүгінгімізді сараптап, ертеңімізді терең ойлау қажеттілігі туып тұр. Басқа жол жоқ бізде...

Құрмағали ДАРКЕНОВ

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Әкім сайлауы – қоғам талабы» мақаласынан

«ПЕНСИЯ ПО МОЛОДОСТИ»
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»
ОТ 27.04.23



Многие хотели бы выйти на заслуженный отдых пораньше и пожить для себя. Но зачастую останавливает финансовый вопрос. А все ли знают, что если оформить в страховой компании договор пенсионного аннуитета, то выплаты можно начать получать уже с 55 лет, причем пожизненно. Что же такое аннуитет? С французского и латыни — это слово переводится как «годовой, ежегодный». В случае с пенсией – это договор, который вы заключаете со страховой компанией. На его основании вы получаете право на пожизненные регулярные выплаты, причем гораздо раньше установленного законом пенсионного возраста – с 55 лет. Но взамен передаете компании свои накопления в Едином накопительном пенсионном фонде.

БІЗДЕН БЕС КЕҢЕС



Жаксы әйел, сүйікті жар, сыйлы келін, аяулы ана қандай болуы керек? Осы сұраққа жауап іздеп көрейік. Кез келген адамның жаксы тұстарымен қатар кемшіліктерінің де болуы заңды. Бірақ жанұяда әйелдің атқаратын ролі жоғары, сондықтан аяулы қыздарымыз, төмендегі кеңестерге құлақ сала отырыңыздар. Жаксы әйел. Бұл сөзді айтушылар да, армандаушылар да көп. Тіпті «жаксы әйел мы

надай болуы керек, анадай болуы керек» деп ақыл айтушылар да табыла кетеді. Расында, жаксы әйел қандай болуы керек? Әрине бұл сұраққа мың сан жауап бар. Алайда әр адам қайталанбас тұлға екені мәлім. Кез келген адамның жаксы тұстарымен қатар кемшіліктерінің де болуы заңды. Отбасының беріктігі де сол екі жанның мінез-құлқына байланысты, әсіресе әйел затының. Сол себепті «сүйікті жар,

сыйлы келін, аяулы ана» атанып, шырағыңыздың берік болуына септігін тигізер келесі кеңестерді ұсынамыз. Сонымен жаксы әйел:

1. «Ызындамайды». Күйеуіне әрдайым жекіп, ұрсып, «ызындай» беретін әйелден еркек «қашады». Үнемі құлақтың етін жей беретін әйелдер еркекті мезі етеді. Сонда тіпті кейбір еркектер қатыгездік танытып, қол көтеруге дейін барады. Ара қатынастары суиды.

2. Шағым жасамайды. Күйеуіне «сен сондайсың» деп мін тағып, күңірене беретін әйелден де ер адамның көңілі қалып «ей, қойшы, саған ешқашан жақпайсың» деп қолын бір-ақ сілтейді.

3. Өсек айтпайды. Әйел затының өздері оңаша қалғанда болған жайларды бүге-шігесіне дейін тәптіштеп отырып өсек айтқанды ұнататыны бар. Жарыңызды өзгелерге жамандап абырой таппайсыз. Мұны білген күйеуіңіздің сағы сынып, сізге деген сезімі салқындап кетуі мүмкін.

4. Құрметсіздік танытпайды. Ер адам ең алдымен әйелінің өзін сыйлағанын қалайды. Олардың түсінігінде «сыйлайды, демек мені жаксы көреді» деген қағида қалыптасқан.

Сыйластық оның пікірін бағалау, ақылын тыңдау, сөйлеп жатқанда сөзін бөлмеу, маңызды шешім қабылдағанда еріңіздің пікірін бірінші орынға қою деген сөз.

5. Өзгелерді күйеуінен жоғарғы орынға қоймайды. Ер кісі отбасының басшысы, сондықтан әйел «отағасы» деген сөзді жадында мықтап ұстауы тиіс. Әйелдің достарын, карьераны, туыстарын күйеуінен артық көруінен үйде түсініспеушіліктер, ұрыс-керіс басталады. Кез келген ер адамға жылы жүзді, жайдары, мейірімді, қолы ашық, ерінің айтқанын тыңдай отырып ақылшысы әрі сырласы бола білетін әйелдер ұнайтындығын естен шығармаңыз. Алла Тағала баршаңызға жаксы әйел болуды жазсын.

Жаксы әйел қандай болуы керек жаксы әйел семьяны сақтау жанұядағы әйел ролі ер адамның көңілін табу.

6. Әр әйелдің ас мәзірінде болуы тиіс 5 өнім болуы тиіс..

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

С МОМЕНТА ПРИНЯТИЯ ЗАКОНА О ГЧП В КАЗАХСТАНЕ РЕАЛИЗОВАНО ПРОЕКТОВ НА БОЛЕЕ 2 ТРЛН ТЕНГЕ



На брифинге на площадке Службы центральных коммуникаций председатель правления АО «Казахстанский центр государственно-частного партнерства» Самат Сагындыков рассказал о реализации проектов ГЧП в стране. Основная цель ГЧП - привлечение частных инвестиций для создания условий и развития эффективного взаимодействия государства и частного бизнеса.

По словам председателя правления, с момента принятия закона о ГЧП в стране реализовано более тысячи проектов стоимостью более 2 трлн тенге. Благодаря этим проектам в страну были привлечены частные инвестиции.

Сейчас риски проектов между государством и бизнесом распределяются. Частный инвестор обеспечивает эффективное управление объектом.

«В прошлом году нашим центром совместно с министерством национальной экономики в соответствии с поручением Президента был обновлен закон

о ГЧП, были приняты поправки, обеспечивающие обязательное применение конкурсных процедур при определении частного партнера, их прозрачность, создание условий для бизнеса, повышение эффективности проектов», - сказал С. Сагындыков.

Отвечая на вопрос журналиста о том, что выгоднее, госзакупки или ГЧП, С. Сагындыков отметил, что при этом необходимо учитывать их стоимость. Ведь основной расход в бюджетном инвестиционном проекте - это только стоимость строительства. А в проекте ГЧП в стоимости проекта учитываются затраты, предусмотренные на весь срок - затраты на строительство, снабжение, эксплуатацию и т.п.

«При этом рассчитывается объем привлеченных средств от банка, так как частная партнерская компания получает деньги под 21 процент, а это влияет на стоимость проекта. А при получении таких средств из бюджета проблем нет», - сказал спикер.

ortcom.kz

ВПЕРВЫЕ СРЕДНЯЯ ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТЬ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНЦЕВ ДОСТИГЛА 74,4 ГОДА

К основным существенным факторам, которые влияют на продолжительность жизни человека, относят уровень развития экономики страны проживания, в том числе здравоохранения, урбанизация, качество питания, приверженность здоровому образу жизни, наследственность, сообщает Министерство здравоохранения РК. В последние годы благодаря поддержке руководства страны в Казахстане усилена работа по развитию инфраструктуры объектов здравоохранения, расширен охват профилактическими осмотрами, включая сельских жителей и детское население, ускорены обследования при подозрении на онкологические и гематологические болезни.

Служба скорой медицинской помощи усилена путем приобретения 1 367 единиц автотранспорта, что позволило обеспечить соблюдение принципа «Золотого часа» при оказании экстренной и неотложной медицинской помощи населению страны.

Активизирована транспортная медицина, возобновлена работа двух медицинских поездов «Жердем» и «Саламатты Қазақстан», которые уже оказали медицинскую помощь более 77 тысячам жителей.

В целях повышения доступности медицинской помощи в отдаленных сельских населенных пунктах к имеющимся 49 передвижных медицинских комплексов (ПМК) дополнительно закуплено 100 современных ПМК, в 2022 году услугами ПМК охвачено 3 307 населенных пунктов, оказано 1 820 833 лечебно-диагностических услуг жителям села, выявлено 149 326 больных.

Благодаря внедрению системы

медицинского страхования ежегодно наращиваются объемы медицинской помощи и в прошлом году на это были направлены порядка 900 млрд. тенге активов ОСМС. Так, объем финансирования высокотехнологичных медуслуг увеличен в 3 раза, медицинской реабилитации и консультативно-диагностической помощи в 11 раз, в том числе дорогостоящих услуг в 5 раз.

В результате реализации вышеуказанных мер в стране отмечается положительная динамика основных медико-демографических показателей здравоохранения.

В целом, по итогам 2022 года показатель общей смертности в РК снизился на 29% и составил 6,77 на 1000 населения. Смертность от болезней системы кровообращения снизилась на 32,7%, от рака - на 7,9%, травм - на 5,3%. Материнская смертность по сравнению с 2021 годом снизилась в 3 раза и составила 17,0 на 100 тыс. родившихся живыми, младенческая смертность снизилась на 9%, составив 7,68 на 1000 родившихся живыми.

Положительные изменения в показателях здоровья населения, как следствие повлияли на рост ожидаемой продолжительности жизни и послужили залогом достижения исторического значения - 74,44 года, которое превышает допандемийный уровень ОПЖ на 1,26 лет, тогда как в 2019 году он составлял - 73,18 лет.

Следует отметить, что повышение ожидаемой продолжительности жизни - одна из провозглашенных национальных целей развития страны.

ortcom.kz

Наследственное дело

После смерти Джунусалиева Жаната Даулетовича, умершего 31 октября 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

Частный нотариус г. Приозерск
Ахметов Р.Б.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №17/43, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.